



АҚМЕШІТ

ЖАСТАРАҒЫ



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 13 (446)
31 наурыз, 2022 жыл

STORYTELLING

Осы орайда Мұқағали Мақатаевқа арналған кештен бері тұрақты түрде ай сайын облыс орталығында, аудандарда поэзиясүйер қауымның басын қосып, жыршы мен сазгерді, ақын мен әншіні тоғыстырып, «илегені бір терінің пұшпағы» – киелі өнер екенін ұғындырып жүрген «Поэзия кештері» қозғалысының орны бөлек.

Бүгінге дейін қозғалыс аясында 20-дан аса кеш

табысталды. Шиелілік әнші, сазгер Әл-Фараби Бекарысұлы «Табылды көкем», «Найзағай болып» сынды өндерімен әдемі әсер сыйласа, кеш Ұлықбек Бекұзақұлы мен Аружан Оралбай, Дина Бөкебай мен Бекжан Ержігіт, Жамбыл Бақытәлі мен Гүлжанат Қадырбекова, Әли Асқар мен Данияр Тәңірберген жұптарының дуэльдерімен қыза түсті. Әрі қарай Арал өңіріндегі жыршы-

жыршы-термеші Бекұзақ Тәңірбергенмен жыр орындап, көпшіліктің жүрегін тебірентті.

Кеш соңында «Поэзия кеші» қозғалысының бас ұйымдастырушылары – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жастар саясаты және тәрбие жұмыстары бөлімінің басшысы Жанар Бимұратова мен Қорқыт ата университетінің пиар-менеджері Талғат



«Жыр – әннің елі, Тұранның төрі» – Сыр өңірінің қай ауданы да тұмса таланттарға бай. Қорқыттан бастау алған өнер керуенінің көші бүгінге дейін тоқтаған емес. Ұлы көштің үзіліп кетпеуіне өз үлесін қосып жүрген өнердің шынайы жанашыры, тыңдарман мен оқырман, біз бен сіз.



Аралда

Жыр жауған күн


өтті. Жақында үрдіске айналған, өңірдің әр аумағынан өнерлілерді жинайтын жыр кеші айдыңды Аралда ұйымдастырылды. Кеш қонақтары алдымен қаладағы «Балықшылар музейімен» танысып, теңіздің тарихы мен бүгінгі жайы туралы пікір алмасты. Ұлы отан соғысы кезінде вагонда балық жіберген аралдықтардың тұрмысына жасалған зерттеу жұмыстарына қанықты. Келесі бағыт – Ә.Нұрпейісов атындағы әдебиет үйінде өнерлі жастардың поэзияны қолдау, республикалық деңгейге шығу жайлы ұсыныстары қозғалып, алдағы жоспарлар талқыланды.

Қос мұражайдан кейін басқосу аудандық мәдениет үйінде «Поэзия кешімен» жалғасты. Мұнда «Сыр сандық» жас ақындар антологиясының тұсауы кесіліп, аудандық кітапханаға

термешілердің ұстазы, жырау Айбек Тәңірберген жас өрендерге жылы лебізін білдіріп, домбырасымен жыр текті. «Сыр елінің жаңа, жас таланттарын әлеуметтік желі арқылы қарап, қолдап жүреміз. Әрқайсысы өз алдына ерекше. Бүгінгі кешке келерде осындай әсер аламын деп ойламадым. Бірамыз күйбең тіршілікті ұмытып, басқа бір әлемге барып келгендей күй кештік. Құшағымыз ашық. Өнер жасасын!» деді жырау. Оның шәкірті Бексұлтан Орынбасар да «Аралдың табанынан су кеткенмен, халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ» деп

Меңдібаев жас ақын Алтынбек Қыстаубаев, жыршы Абылайхан Бектасов, Мұнарбек Қарабеков, пен Жанболат Қожагелдиевке пен аудандық жастар орталығының қызметкерлеріне Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің естелік сыйы, төсбелгісі және облыстық ішкі саясат басқармасының Алғыс хатын табыстады.

Аделина МӘДЕЛХАН



Дағдарыс: Санкцияның салдары қандай?

Бүгінде Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс әлемге әскери шығын ғана емес, орасан зор экономикалық зардап та әкелді. Бастапқыда Батыс елдерінің салған санкциясы шетелдік компанияларға тиесілі Ресейдегі өндірістің тоқтауына, экспорт-импорттың тежелуіне итермелеген еді. Кейіннен тауар тапшылығын туғызып, рубльдің құлдырауына әсер етті. Ресей де қалыс қалмай, қарсы қадамға көшкен. Керші ел мәселені ушықтыра түсіп, Еуропаға тасымалданатын газ бен мұнайға қатысты біржақты шешім шығаратынын жариялады.

Осылайша мүдделер қақтығысының салдарынан Орталық Азия мемлекеттері күтпеген қиындыққа тап келді. Әсіресе, іргелес Қазақстанның секемі ұлғайып, экономикалық соққыға дайын болды. Бастапқыда «домино әдісімен» теңге құлдырап, халық арасында үрей үдесе, уақыт өте жағдай қалыпқа келе бастағандай. Әзірге жағдай бірқалыпты күйде қалады деп айту қиын. Алайда қазірдің өзінде дағдарысқа қарсы жоспар құрылып, жүйелі жұмыс жүруде. Ресейдегі ахуалды естіген бойда қазақстандықтардың көбі ұлттық валютаны долларға ауыстыруға асықты. Банк жағалаған халық депозиттегі қаржысын алуға, валюта айырбастау пунктінен шетел валютасын сатып алуға кезекке тұрды. Бірнеше аптаға созылған әбігер салдарынан 1 доллар бағамы 524 теңгеге дейін өсіп, қымбатшылық «салқыны» сезіле бастаған.



Мобилография – жаңа ғасырда дүниеге келген трендтегі сала. Бұрын адамдар фотоаппарат көмегіне жүгінсе, бүгінде телефон арқылы әр сәтті таспалауға болады. Абуәли Ақылбекұлы – мобилографияны меңгерген жас маманның бірі. Ташкентте авторлық курсы ашқан оның оқырманға айтары бар.

НЗМ-НЫ БІТІРГЕН СОҢ БИШІ БОЛҒЫМ КЕЛМЕДІ

– Жалпы фото, бейнежазбаға қызығушылық бала кезімнен басталды. Оның себебін әкемнен берілген талант деп ойлаймын. Әкемнің кішкентай кезімізде үлкен камерасы болғаны есімде. Ол сонымен тойға шығатын. Мен видео түсіруге арналған техникаларды ұстап көріп, ерекше қызығатынымын. Біздің үйде әрдайым жаңа техникалар болды.

Мектеп жасынан би өнерімен айналыстым әрі бұл қабілетімді университет қабырғасына келгенде де тоқтатпадым. Біршама елді аралап, жүлделі орындар да алдық. Міне осылай өнер саласында жүргенімде мобилографияға деген қызығушылығым оянып, би жарыстарынан үзінділер түсіре бастадым. Тіпті айналадағы барлық биші досыма инстаграмға арналған видеолар дайындадым. Бұл менің осы салаға келуіме әсер етті. Әрдайым білім мен шығармашылық саланы алып жүру маған ешқандай қиындық туындатпады. Бірақ НЗМ мектебін бітіріп тұрып, балалықпен мамандығым ретінде актерлік немесе би жолын таңдағым келмеді. Жақсы оқу орнына түсіп, басқа бір салаға төселуді ойладым. Өйткені маған әрдайым жаңа эмоция мен тың дүниені зерттеген ұнайды. Осылайша Еуразия ұлттық университетінің «Халықаралық қатынастар» факультетіне, «Шығыстану» мамандығына оқуға түстім. Онда қытай тілін таңдап, Қытайда бір жыл оқып, университетті қызыл дипломға тәмамдадым. Ол мұғалімдерім берген білімнің нәтижесі деп білемін. Сол үшін барлық мұғалімдеріме, әсіресе кураторым Мархабат Мейрамханқызына алғыс айтамын!

МОБИЛОГРАФИЯ ӨМІРІМДІ ӨЗГЕРТТІ

– Себебі оның маған берген мүмкіндігі өте көп. Қазір өзім қалаған шетелге бара аламын. Кезінде Дубайға қатты барғым келетін еді. Ал бүгінде мобилография арқылы әр ай сайын Дубай қаласына жұмыс бабымен барып тұрамын. Одан басқа мекемелер (ресторандар, ақылы клиникалар, т.б) бартер немесе бартер үстіне ақша телеу арқылы екі жаққа да тиімді ұсыныстар жасайды. Қымбат деген жерлерде бартер арқылы қажет кезде еміңді ала аласың. Әр күн мүмкіндікке толы, яғни өзіңнің жақсы көретін хоббиді жұмысқа айналдырсаң, еш шаршамай, ынтанды жұмыс істейсің дегім келеді.

Жалпы өңдеу, түсіру, монтаж жасау жұмыстары жобаға байланысты жүргізіледі. Осы жерде мобилографияның ыңғайлығын айтып өткім келіп тұр. Сіз телефон арқылы кез келген жерде, яғни көлікте, қоғамдық көлікте, ұшақта, паркте кетіп бара жатсаңыз да телефоныңызбен монтаж жасай бересіз. Бұл маған қолайлы, өйткені телефон әрдайым өзімнен бірге. Менің ең ұзақ уақыт жасаған монтажым 8 сағатқа созылды. Кейде 3 күн қатарынан видеоны әрлеп, көңілден шыққанша монтаж жасай береміз. Мобилографияның көмегімен түсірілген жұмыстың кәдімгі үлкен техникалармен түсірілетін бейнежазба, жарнама ролигінен ешқандай айырмашылығы жоқ болып қалды. Жұмыстың бағасы да жобаға байланысты өзгереді. Қазіргі таңда телефонмен түсірген 1 минуттық бір ролигім Дубайда 800-1000 долларға бағаланады.

МОБИЛОГРАФТАР КӨПІ АЛ БӘСЕКЕЛЕСТІК...

– Көп болғаны жақсы! Неге? Өйткені кіші, орта бизнес дамыса, Қазақстан да дамиы. Міне, сондықтан біз қазір сол мықты бәсекелестікке дайын мобилографтар дайындаудамыз. Әр күн сайын елімізде кіші және орта бизнес асылуда, солардың әрқайсысына мобилографтар керек. Мен қазіргі таңда мобилографияны алғаш Қазақстанға әкелген Қыран Талапбекпен бірге бір командада, кейбір мәселеде серіктес болып жұмыс жасаудамын. Біз осы саланы Қазақстанда дамытуға бар күшімізді салып жатырмыз. Өмірде кез келген нәрсенің шегі бар, өйткені өмірдің өзі солай құрылған. Әлем digital заманда даму үстінде, сондықтан мобилография әрдайым трендте болады. Әлеуметтік желінің бәрі телефонмен байланысты. Қазір Өзбекстанда авторлық мобилография курсы аштық. Одан бөлек онлайн, оффлайн курстарымыз бар, яғни көршілес мемлекеттерге қадам басып жатырмыз. Біздегідей бұл сала ешқандай мемлекетте дамымаған. Америка, Дубай, Түрік елі болсын, мобилографияның не екенін толық білмейді, яғни біз алдамыз. Сондықтан жаңа жоба бастауға ниетті мобилографтарға тек жұмыс істеуге, талмай ізденуге кеңес беремін.

Дайындаған
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

«ЭКСПО-2020»: АРАЛДЫҚ ЖАС ЖОЛДАМА ҰТЫП АЛДЫ



Erjan Sabyrbay смартфон ұстап, көгілдір экранға телміргеннен гөрі уақытты игі іске жұмсауға асығатын жастың қатарында. Бұған дейін ол бірнеше адамға қуаныш сыйлап, ертеңге деген үмітін оятты. Өзі таңдаған еріктілік қызметтің арқасында. Бұған қоса Ержан жақында волонтерлер арасында жарияланған республикалық байқауда топ жарды. Жүздеген жастың ішінен суырылып шыққан ерікті Дубай қаласына тегін жолдамаға ие болды.

Бүгінде Арал аудандық «Amanat» партиясы филиалы жанындағы Жастар қанатына жетекшілік ететін Ержан күнделікті волонтерлік қызметін #BizBirgemiz-KZUAE хэштегі арқылы әлеуметтік желіде жариялап отырған. Сәттілігін сынаған үміткердің әп сәтте бағы жанғаны бізді де қуантты. Енді ол екінші біріне бұйыра бермейтін «ЭКСПО-2020» дүниежүзілік көрмесін аралап, бағдарлама бойынша мәдени-тынығу шараларына қатысады.

Бұл – еңбектің жемісі. Себебі абзал істерімен әлемді нұрландырып жүрген жас пандемия өршіген тұста алдыңғы шептен көрінді, қыс қамын жасаған ауылдағы ағайынның көңілін бірлеуге де үлес қосып, «Жастардан жәрдем» акциясында белсенділік танытты. Арамызда волонтерлік қызметке кейде анау айтқандай мойын бұрып қарамайтындар кездеседі. Бірақ Ержан секілді жастар волонтер болу құрметті қызмет, ар-намыс кодексін қатаң ұстанатын өмір салты деп есептейді.

КӨКТЕМНІҢ СӘНІ КӨШЕТТЕ



Экологиялық мәдениет қалыптастыру қашанда маңызды. Ол үшін қоршаған ортаны бүтіндігіне бейжай қарамайтын ұрпақ тәрбиелеу қажет. Қуантатыны, жастар бұл мәселеге келгенде селқостық танытпайды.

Жақында жалағаштық жастар аудандағы С.Мұқашев саябағында «Бір тал кессең, он тал екі!» акциясын өткізді. Шара аясында 40 түп көшет отырғызылды. «Біз «Атаңнан мал қалғанша, ұрпағың саялайтын тал қалсын» деп түйіндеп, жыл басында бұлақтың көзін ашып, ағаш егу сынды игі дәстүрді қалыптастырған ұлттың ұрпағымыз. Өрі даланың өрін, қаланың сәнін келтіріп, шуды азайтатын, желді тосып, ықтасын болатын да осы өсімдік. Сондықтан негізгі мақсатымыз – қоршаған ортаны қорғауға атсалысып, айналаны көгалдандырып, оқушыларды, жастарды мәдениеттілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу» дейді аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық.

Бұл науқаншыл шара емес. Жастар алдағы уақытта көшетті одан әрі күтіп-баптауға ниетті. Мұны ерекше құлшыныспен еңбектенгеннен байқауға болады. Олардың тындырымды тірлігіне үлкендер тәнті.

ҰСТАЗ БАҚЫТЫ




Әр баланың ерекшелігін ескеру, іс-әрекетін талдау, табысты болжау, оқушыларды өз бетінше ізденуге жетелеу, танымдық қызығушылығын арттыру, оқушы тұлғасын құрметтеу – ұстаздың, яғни біздің мойнымыздағы үлкен жауапкершілік. Кейде оқушы дәптеріне үңіліп, тапсырманы ыждағаттылықпен жазған шәкірттеріме қарап, олардың жандүниесі, санасын қалыптастыру менің қолымда екенін түсінемін.

Ал мұның бәрі ұстаздық жолда өз кәсібімізді сүйюден басталады. «Ұстаз болу, жақсы оқытушы болу үшін оқытатыныңды да сүйюің керек» деп В.Ключевский босқа айтпаса керек. Ұстаз болу – еңбекқорлық пен үздіксіз шығармашылық ізденіс, кейде ұйқысыз түндер, тіпті қуаныш пен көз жасы. Бұл – кітап пен дәптер беттерінің, бор жағылған қолдардың бітпейтін сыбдыры. Кейде тұн ортасынан кейін білім іздеп, ұзаққа дейін сөнбейтін терезенің жарығы, кейде мейрамдағы құшақ-құшақ гүл мен шәкірттердің құттықтау тілегі. Бәрі бір өмірдің ішінде. Маған ұстаз кірпіші мықтап қалайтын, одан әдемі сарай тұрғызатын маман тәрізді көрінеді.

Өмірдің әр кезеңінен өте келе маған да ұстаз болу бақыты бұйырды. Иә, мен жас ұстаз ретінде бақыттымын, өйткені менде дүниені қайта танып білуге, балаларға күн сайын жанымының жылуын сыйлауға мүмкіндік бар.

Арайлым ЫСҚАҚОВА,
№238 орта мектептің биология пәні мұғалімі



СТАТИСТИКА КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМЕТІНЕ СҮЙЕНСЕК, ҚАЗІР ҚАЗАҚСТАНДА 6,6 МЛН ЖАЛДАМАЛЫ ҚЫЗМЕТКЕР БАР. ОНЫҢ 1,8 МИЛЛИОНЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ, 350 МЫҢЫ ҰЛТТЫҚ ХОЛДИНГТЕРДЕ, 492 МЫҢЫ КҮШТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. САЙЫП КЕЛГЕНДЕ ЭКОНОМИКАҒА ҮЛЕС ҚОСА АЛАТЫН АДАМ САНЫ ШАМАМЕН 3 МЛН 193 МЫҢДЫ ҚҰРАЙДЫ. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ ӨЗ ЕСЕБІНДЕ 63 МЫҢ КОМПАНИЯҒА 148 500 КАДРДЫҢ ЖЕТІСПЕЙТІНІН РАСТАП ОТЫР.

242 МЫҢ

МАМАН ТАПШЫ

мамандар бар. Жалпы, аймақта 2021-2022 оқу жылында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрлар даярлау үшін 3108 орынға мемлекеттік тапсырыс бөлінген. Бұдан бөлек, жастардың құрылысқа қызығушылығын арттыру мақсатында 2014 жылдан бастап «Жас құрылысшылар» еңбек жасағы жұмыс істеп келеді. Бұл – үлкен тәжірибе мектебі. Оған қоса саптағы жастар нанын еңбекпен тауып, қатарына үлгі болады. Соңғы жылдары жасақ аясында 307 жұмыссыз жас 9 жергілікті құрылыс компаниясына жұмысқа орналасқан.

Сыр жастарының басын қосатын облыстық жастар ресурстық орталығында да арнайы жәрмеңкенің жиі өтуі мәселені шешуде сеп. Оның ерекшелігі – жергілікті өңірдің жұмыс берушілері ғана емес, Ақтау, Атырау қалаларының консалтингтік компанияларының өкілдері келіп, жұмыс ұсынуында. Мұнда көбіне жұмысшы мамандарға басымдық беріледі. Алайда баяғы сол қызығушылық аз. Еңбек жолын мастер, прорабтан бастап, құрылыс нысанының басшысына дейін көтерілген, 37 жылдан бері осы салада тер төгіп келе жатқан жерлесіміз Қанат Молдахалықов та құрылыста жастардың бой көрсете бермейтінін айтады. Қазір жұмыс жаңа технологиялардың арқасында біраз жеңілдеді. Көп жерде қолдың күші қолданылмайды. Соның өзінде жастардың саланы жатсынуы түсініксіз...

беделін арттыру, техникалық мамандықтар факультетін құру, еңбекақыны арттыру секілді. Үміт үзілмегенмен, күдік басым. Оның нәтижесін әлі қанша күтеріміз де белгісіз. Ал сарапшылар мұны жұмысшы мамандығының насихаты жетіспейтіңдігімен байланыстырып отыр. Қалай десек те, арнайы білім алып, салаға еңбек сіңіруге ынтыалылар аз. Орта есеппен алғанда құрылыста жүрген әр 100 адамның тек алтауының тиісті дипломы бар екен. Бүгінде бұл олқылықтың орнын толтыру мақсатында жұмысшы мамандығын дәріптеуді, құзыреттілігін арттыруды көздейтін түрлі бастамалар, колледж студенттері арасында ұйымдастырылатын халықаралық «WorldSkills Kazakhstan» чемпионаты секілді байқаулар қолға алынған. 2014 жылдан бастап еліміз аталған халықаралық қозғалыстың қатысушысы атанды.

Сыр өңірі де айтулы шараға үлес қосып, жарысқа 8 мамандық бойынша үздіктерді сапқа қосып келеді. Оның қатарында құрылысшы, дәнекерлеуші, кірпіш қалаушы, электрмонтаждаушы

Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асқан «Президенттің кадрлық резерві» сынақтан өтіп, шыңдалған жастарды мемлекеттік қызметке тартуды көздейді. Бұл – ел ертеңі жастар екенін ұмытпай, эстафетаны қабылдап алатын лайықты буын тәрбиелеуге қадам. Жақында жауапты ведомство жастар тарапынан бастамаға қызығушылық жоғары екенін және осы кезеңге дейін резервке іріктелген мамандардың 60 проценті еңбекпен қамтылғанын хабарлады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев өткен жылы резервке 50 адам қабылданғанын айтты. Алғаш рет резерв 2019 жылы ұйымдастырылып, 300 маман іріктелген еді. Қазір 350 адамның 209-ы жұмысқа орналасқан. «Президент тапсырмасына сәйкес кадрларды іріктеу жүйесін жетілдіру бойынша шара қолға алынды. Кадрларды іріктеудің ашық әрі әділ жүйесін қалыптастыру қажет. Мемлекеттік қызмет саласын дамыта түсу үшін агенттік «Е-қызмет» жүйесін жаңғырту жұмысын жүргізуде. Бұл мүмкіндіктер арқылы жас менеджерлердің әлеуетін пайдаланып, мемлекеттік аппарат жұмысын сапалы түрде жаңа деңгейге көтеруге болады. Бастысы, мұндай тәжірибе әлем елдерінде нәтиже берген», – деді ол.

Еске сала кетейік, Жарлықпен белгіленген талаптарға сәйкес іріктеуге 35 жастан аспаған, жоғары білімі және кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар, сондай-ақ мемлекеттік тілді орташа деңгейден төмен емес деңгейде білетін ҚР азаматтары қатысқан. Резервте болу мерзімі – 3 жыл. Өткен жылғы іріктеудегі жаңашылдықтың бірі – үміткердің мемлекеттік тілді білу деңгейін растауы. Конкурс үміткерлердің құжатын қабылдаудан басталып, (1-30 қыркүйек аралығында), іріктеу жөніндегі ұлттық комиссияның отырысымен аяқталған. Резервке іріктеу жүйелі кезеңдерден тұрды. Соңғы деректерге сүйенсек, Ұлттық



Бетті дайындаған: Мөлдір СНАДИН

Іріктеу жеңімпаздарының орташа жасы – 30-да. Резервте Нұр-Сұлтан, Алматы және Павлодар қалаларының өкілдері басым. Өңірге қоталсақ, облыста 3 мыңнан аса мемлекеттік қызметші бар. Оның әрбір төртіншісі – 29 жасқа дейінгі жас маман. Солардың ішінде резервке енуге қызығушылық танытатындар саны күн санап артып келеді. Биылғы іріктеуге облыстан 435 қас қатысып, бақ сынаған екен.

Бұл – «тіреуі барлар ғана» мемлекеттік қызметке келеді қалыптасқан стереотип ескіргенінің белгісі. Оның үстіне Президент «Уақыт өткізіп босқа отыратындар мен тапсырма орындаудан жалтаратындар қызметін босатуы керек. Мемлекеттік аппарат біртұтас механизмдей жұмылып, жұмыс істеуге міндетті» деген еді. Тұлғасы тұнған тәлім Бауыржан Момышұлының да «Қиын сәтте тізгінді босатпай, шапшаң да шебер қимылда» деген нақыл сөзі бар. Шынында, жаһандану заманындағы жаңа сынақтардан сүрінбей өту үшін шапшаң қимылдау керек, сұраныс пен қажеттіліктерге жедел жауап бере алатын ембелеп мамандарды әзірлеу кезек күттірмейді. Ал бұл бастамаға кез келген еңбек өтілін қамтуда, яғни кез келген сала мен мекемедегі немесе жеке сектордағы 5 жылдық еңбек үміткер болуға мүмкіндік ұсынды.

Тұтастай алғанда, талантты жастардың экономикада, ғылымда, өнерде, спорт пен мәдениет саласында өзін танытатын сәт туды. Бұл ретте жастардың да пікірін саралап көрдік. Аяулымы Мырзахан есімді мектеп мұғалімі «жоба таныс-тамыр арқылы көтерілгендердің емес, өз күшімен пісіп-жетілгендердің іріктелуіне себепкер» деген ой білдіреді. Айтуынша, өзі де алдағы уақытта үміткер ретінде тапсырып көруге қарсы емес, бірақ еңбек өтілі қолбайлау болып тұр. Сондықтан Аяулым кабинетте отырып ойлайтын емес, халықпен етене араласатын, креативке бай, қолынан іс келетін замандастарын мүмкіндікті жібермеуге шақырады.

комиссия қорытындысы 50 кандидат кадр резервіне тізіміне жеке сектордың 18 өкілі, квазимемлекеттік сектордың 13 өкілі және 19 мемлекеттік қызметкер кірді. Сонымен қатар 24 адамның (48%) басшылық лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар. Кандидаттардың 62 процентінің шетелдік жоғары білімі бар, 38% проценті қазақстандық жоғары оқу орындарының түлектері.



**Қарақам ЕСЕНГЕЛДІ,
№12 ІТ мектеп-лицейдің
10 «Ә» сынып оқушысы:**

– Балалар үшін маңызды дүние өте көп. Олар – ата-ана қамқорлығы, жақсы орта, адал достар, өмірге құштарлық, білім, қолдау. Бұл дүниелер өмірдің мәнін түсіндіре отырып, жеке көзқарасты қалыптастырады.

Соның аясында біз сапалы білім алып, болашаққа сеніммен қараймыз. Балалар үшін заттарға қарағанда ата-ананың қолдауы аса маңызды. Сондай-ақ балалар жылында театр қойылымдары мен тегін концерттік бағдарламалар жиі ұйымдастырылғанын қалаймын. Себебі қалада балалар баратын мәдени орындар аз. Аулаларда ойын алаңдары бар десек те, заманауи, әдемі, балаларға көңіл-күй сыйлайтын ойын орталықтарының қызметі ақылы. Балалар жылында балаларға арналған ойын орталықтары тегін қызмет көрсетсе, бізді қуантар еді. Сол кезде өзіміздің іні-сіңілдерімізді емин-еркін, асықпай ойнатушы едік.



**Мадина УСАИН,
10-сынып оқушысы:**

– Ең бірінші материалдық жағдай болса баланың дамуына әсер ететін ойыншықтар, кітаптар алып берген дұрыс. Бірақ баланың

бар қалауын орындай беруге де болмайды. Одан “менің айтқаным болу керек” деген мінез қалыптасуы мүмкін. Сондықтан жағдайын қажетінше жасау керек.

Ал моральдық тұрғыдан баланың мінезін қалыптастыруға ненің дұрыс, ненің дұрыс емесін ажыратып, қолдау керек. Керек кезде жұмсақ болып, кей кезде қатты болып жағымсыз дүниелерден бетін қайтарып отырған жөн. Ер балдарды көп еркелетуден гөрі еңбекқорлыққа баулыған жөн. Ал қыздарды еркелетіп тәрбиелген дұрыс.

**БАЛАЛАР ЖЫЛЫ
БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?**

Кішкентай балалар үшін айналадағы дүниенің бәрі қызық. Олар аспандағы ұшаққа қол созып, күні бойы бітпейтін ойын мен таусылмайтын тәттілерді арман етеді. Оларды қуанту қиын дүние емес, бірақ жеткілікті деңгейде көңіл бөлу, тұлға болып қалыптасуына ықпал ету ел алдындағы үлкен жауапкершіліктің бірі. Биылғы жылдың балаларға арналуы тек балаларды ғана емес, дүйім халықты қуантты. Бірақ аталған жылдың науқандық іс-шаралармен шектеліп қалмауы да маңызды мәселе. Бүгінгі балалар үшін бәрі де қолжетімді. Расында бір жыл ішінде балалар үшін не істей аламыз? Олардың болашағы үшін қандай жобаларды қолға алу қажет? Балаларға шын мәнінде не керек? Осы сауалды балалардың өзінен, ата-аналар мен мамандардан сұрап көрген едік.

**Расул БАҚЫТЖАНҰЛЫ,
2-сынып оқушысы:**

– Маған сабақтан келген соң мультфильм тамашалаған ұнайды. Қазір тек «Балапан» арнасында ғана қазақша мультфильмдер мен балалар киносы беріледі. Бірақ маған кейде анимация кейіпкерлерінің қозғалысы, дауысы қызықсыз көрініп, ұнамай қалады. Сондықтан басқа шетелдік арнадағы немесе телефондағы мультфильмдерді көремін. Биыл біздің жылымызда балалар арнасына қолдау көрсетілгенін қалаймын. Мүмкіндік болса, біз үшін жаңа дүниелер дайындалса және ұлттық, тарихи дүниелердің бәрін біздің деңгейімізде қайта түсірсе қуанар едік.



**Нүрдана МАНАСҚЫЗЫ,
4-сынып оқушысы:**

– Менің ойымша, балаларға тәрбие мен білім қажет. Ата-ана баланы дүниеге келген сәттен бастап тәрбиелегені дұрыс. Сөбі кезінен бастап дұрыс тәрбиеленген бала мәдениетті, саналы болып өседі. Әрине, бұл ата-анаға тікелей байланысты. Екіншіден, балаға білім керек. Балабақшаға барған кезден балаға білім алудың және білімді болудың маңызын түсіндіру керек. Біз білімді кітаптан аламыз. Сондықтан көп оқу маңызды. Білімді адам көптеген жетістікке жете алады. Елімізде білімге көп көңіл бөлінгенін қалаймын.

**Айкен ІСКЕНДІР, С.Сейфуллин атындағы
№4 мектеп-лицейінің 1-сынып оқушысы:**

– Кез-келген бала үшін тәтті мен ойыншықтар ең қажетті дүние. Мысалы, өткенде өкем үйдегі тоңазытқыштың ішін балмұздаққа толтырып қойыпты. Менің сол кезде қатты қуанғаным есімде. Бірақ ертеңіне ол балмұздақтардың маған емес, арнайы іс-шараға алынғанын білдім. Сондықтан балалар жылында балаларға тегін тәттілер таратылғанын қалаймын және ата-анамның күн сайын тоңазытқышты балмұздаққа толтырып қойса деп ойлаймын. Сосын ата-анамның демалысқа шыққан сәтінде мені шетелге жиі апарса деймін. «Балапан» арнасында күн сайын түрлі елдерді көрсетеді. Менің сол елдерге саяхат жасағым келеді. Егер елімізде балаларға тегін саяхаттауға мүмкіндігі берілсе мен шынымен қуанар едім.



Сымбат ЖӘНІБАЙ, психолог:

– Биылғы жылдың «Балалар жылы» деп жариялануы өте қуантарлық жағдай. Осы тұрғыда әрбір ересек адамда “мен балалар үшін не істей аламын?” деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа мен де ойлаңдым. “Өнегелі болса – бала көрікті” деген Қорқыт атаның дәйекті сөзі есіме түсті. Ең бірінші кезекте баланың жан-жақты тұлғалық, физиологиялық, психологиялық тұрғыда дамуына барлық жағдай жасалуы керек. Жаңа Қазақстан үшін креативті, ізденімпаз, еңбекқор да отансүйгіш, нағыз патриот, ойы, сөзі мен ісі бірлікте болатын, жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығарған жас ұрпақ балаларды тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Осындай кемел мінезді, туған жерін риясыз сүйетін, қастерлейтін балаларды тәрбиелеу үшін нақты әрекеттер жасалуы маңызды. Мысалы, өңірде балаларды жас ерекшеліктеріне сәйкес топтастырып, бүкіл республика бойынша «Менің Отанымның жеті кереметі» атауымен туристік саяхаттар, «Ізгілік көруені» фестивалі, шығармашылық, әлеуметтік жобаларды және шетелді тануға бағытталған бағдарламаларды ұйымдастыру қажет. Әрбір өткізілетін іс-шараға тек қала, облыс емес бүкіл аудан мен ауыл балаларын толыққанды қатыстырған дұрыс. Себебі ауыл балаларының әлеуетін көтеру маңызды. Ең бастысы балаға өзін сүйуді үйрету қажет. Өзін-өзі сүйген, таныған бала ол қандай қоғамға болса да еркін араласып, жарқын болашаққа оптимисттік көзқараста болары сөзсіз.

Әр бала – бір жұлдыз. Сондықтан жас ерекшелігіне сай балаларға сан түрлі дүние қызық. Менің жеке кәсіби тәжірибемнен айтатын болсам, балалар жаңа форматтағы, анимационды, жеңіл әзілдермен көркемделген, қысқаметражды балалар сомдаған телехикаялар, мультсерияларда көбірек қызығады. Олар өздерін сол хикая кейіпкерінің орнына қойып салыстырма жұмыстарын жүргізеді. Осыдан балаларды, әсіресе ауыл балаларының потенциалын ашу керек деген ой туындайды. Ол үшін жергілікті немесе аудан, облыс көлемінде телевизиялық жобаларды ұйымдастыру және оған қатысу еркіндігі мен ашықтығын қамтамасыз еткен жөн, – дейді психолог.



**Жұлдыз ӘЛЕНОВА,
ата-ана:**

– Бала үшін ең маңызды дүние – толыққанды отбасы, ата-ананың қамқорлығы. Жақындарының қолдауын көріп өскен бала мейірімді болады. Екіншіден, баланың өз ойын толық жеткізе білетіндей жағдай жасау қажет. Баламен жақын сырласа білу керек деп ойлаймын. Бала деген кішкентай адам болғанмен олардың ойы жүйрік болады. Әр бала – өзінше бір әлем. Сондықтан оларға қажет дүниені қазір өздері-ақ түсіндіре алады деп ойлаймын. Мысалы, қазір мен балаларымнан не қажет екенін сұрасам, олар телефон және көп ойыншық деп жауап береді. Байқасаңыз, қазіргі балалар үшін телефон ең қажетті дүниеге айналды. Олар телефон арқылы жаңа заманға бейімделеді, бірақ оның да қолдану шегі болу қажет. Ең бастысы, оларға еркіндік беріп, тұлға болып дамуына көмектесуіміз маңызды.



**Жұлдызай МҰЗАРАПШИНА,
Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:**

– Қазір балалар жылына орай түрлі үйірмелер ашылууда. Бірақ олардың саны бар, сапасы жоқ тәрізді көрінеді. Меніңше, әр мөлтек ауданға үлкен үйірмелер орталығы салыну керек. Сол орталықтың арқасында балалар бір-бірімен араласып, бас қосады. Міне осы жағдайда балалар арасында ешқандай кикілжің болмайды. Балалар жылы дегенде балаларды кітап оқуға баулуымыз керектігі тағы бір еске түседі. Оқушыларды телефоннан алыстату үшін кітапқа қалай қызықтырамыз? Меніңше, биыл осы мәселенің де жауабын ізденген жөн. Осы бағытта «Кел оқиық» деген айдармен фейсбукта жоба жасаудамын. Қазір мектептің жетінші сынып оқушыларына сабақ беремін. Олар көптеген повесттер, поэма, роман әңгімелерді оқып шықты. Бірақ «оқушылар кітап оқыды екен» деп сырттан бақылаған дұрыс емес. Әрі қарай баланы қызықтыру үшін «мен сендерді бейнежазбаға түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеймін, сендердің еңбектеріңді көпшілікке осылай насихаттаймын» десе балалар да жақсы нәтижеге ұмтылады. Кітап оқуға баланы тарту үшін осындай айдарлар қажет сияқты.



**Ақманат НЫСАНӘЛІҚЫЗЫ,
ата-ана:**

– Баланы тәрбиелеуде айналасындағы адамдардың қолдауы маңызды екені рас. Бірақ баланы материалдық тұрғыдан да қамтамасыз ету керек. Қазір заманға сай барлық заттың бағасы қымбат. Тіпті балаларға арналған үйірмелердің, киім-кешектің, тағамдардың да бағасын кейбір ата-аналардың қалтасы көтере бермейді. Сол үшін балалар жылында балаларға арналған үйірмелердің бағасы қолжетімді немесе тегін болса деген ұсыныс айтқым келеді. Қоғамдық шараларда балаларға акция аясында оқуға қажетті құрал-жабдықтар, киімдер тегін үлестіріледі. Бірақ бұл науқандық шара болған соң бір рет қана көмек беріледі. Ал елімізде күнкөріс деңгейі төмен қаншама отбасы бар. Мемлекет тым болмаса жағдайы нашар отбасылар үшін айына бір рет акция ұйымдастырып, қажетті дүниелермен қамтамасыз етсе, балалар алансыз өседі деп ойлаймын.

Ата-ана үшін баланың денсаулығы бәрінен маңызды. «Ұлттың болашағы – дені сау балалар» деген ұранды жиі естиміз. Сондықтан биыл балалар денсаулығына жіті көңіл бөлсек. Әрине алдымен есепте тұрған аурушаң балаларға жан-жақты көмек берілсе, кейін барлық баланың денсаулығы үшін нақты шаралар қабылданса дұрыс болар еді. Мысалы, ай сайын балалардың иммунитетін қалыптастыруға тегін дәрумендер берілсе, олар тексеруден тегін өтетін болса ата-ана үшін үлкен жеңілдік болар еді.

Бетті дайындаған: Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

P.S

Жоғарыда байқағанымыздай, балалар үшін ең алдымен ата-анасының, жақындарының қолдауы басымдықа ие. Ал ата-аналар биыл балалардың денсаулығына, білім жүйесіне, материалдық жағдайына қолдау көрсетілгенін қалайды. «Берсең, балаға бер. Жерде бір бала қанса, көкте періште шаттанады» деген бала қашанда баладан аянып қалмасы анық. Дегенмен бала көңілдің барлық айтқаны ескерілсе, аталған жылдың біз ойлағаннан да берері мол болмақ.



2024 жылы өтетін жазғы Олимпиада ойындарына киберспорт қосылады деген жаңалық шыққалы виртуалды спорт елімізде белең алды. Әсіресе, жастар арасында қызығушылық артып, командалардың саны ұлғайды. Бұл спорт түрінің елімізде дамуы екі мыңыншы жылдарда басталды. Алғашында аталған индустрия «андеграунд» саласында ғана, яғни ойыншылардың, ынтагер-инвесторлардың және шағын компьютерлік клубтардың қаражаты есебінен ғана әрекет етті. Қазақстандық киберспорттың негізін кәсіпкер Мұрат Жұмашұлы қалады. Ол әлі толық қалыптаспаған саланың келешегінен үміттеніп, «K23» деп аталатын ұйым құрды. Міне, біздегі киберспорттың бастауы осылай. Жалпы бұл спортқа елдің көзқарасы қандай? Болашағынан қандай үміт күтуге болады деген сауалдардың жауабын білу мақсатында Қазақстан киберспорт федерациясының бас хатшысы Әлібек Ахановпен тілдескен едік.

Әлібек АХАНОВ, Қазақстан киберспорт федерациясының бас хатшысы:

«КИБЕРСПОРТ - ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕДЕЛСАТЫ»

– Әлеке, елімізде киберспорт көнінен танылды. Бұл күнге жету үшін біршама жұмыс атқарылғаны белгілі...

– Киберспорт – Қазақстанда 15-20 жыл көлемінде, бірте-бірте дамып келе жатқан сала. Тоқсаныншы жылдардың аяғында киберспорт компьютерлік клубтағы әуесқой топ арасындағы жарыс түрінде өтіп келсе, осыдан он жылдай бұрын онымен кәсіби түрде айналысатын топтар құрылды. Мысал үшін көпшілік жастарға танымал «Gambit Esports» тобын атап өтсек болады. Қазақстаннан шыққан киберспортшылар дүниежүзілік деңгейде жүлделі орындарды иелене бастады. Осы үрдіспен қатар Қазақстанда киберспортты дамытуға ұмтылған ұйымдар да ашыла бастады. Кем дегенде 6-7 ұйым өздерін киберспорт федерациясы ретінде жариялады. Алайда олардың қызметі тек өз елді-мекендерінің шеңберінде ғана, сол федерацияны құрған компьютерлік клубтардың негізінде ғана жүргізілді. Сондықтан Қазақстанда киберспортты жүйелі түрде дамытумен айналысатын ұйымның құрылуы көптен күткен жаңалық болды. 2017 жылдың желтоқсанында киберспортқа жанашыр жас азаматтармен құрылған «Qazaq Cybersport Federation» республикалық қоғамдық бірлестігі басым бөлігінде өз өкілдіктерін ашып, дүниежүзілік киберспорт ұйымдарында мүшелікке ие болып, Мәдениет және спорт министрлігінің ресми аккредиттеуінен өткені қуантты. Өйткені кез келген спорт түрінің дамуы үшін тианақты, әрі жүйелі жұмыс істеу керек. Киберспорт саласында шынайы федерацияның құрылуы осы салаға үлкен мүмкіндіктер ашты. Мемлекет осы «Qazaq Cybersport Federation» бірлестігін жауапты серіктес ретінде қарастыруының нәтижесінде киберспортты ресми спорт түрлерінің қатарына қосу мүмкіндігі туды.

– Бүгінде киберспортпен қанша қазақстандық айналысады?

– Еліміздегі 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың кем дегенде 70% компьютерлік ойындарға қызығатындығы сөзсіз. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстандағы 19 миллион халықтың кемінде 30% жастарға жатады, яғни 5 миллионға жуық. Жобалап алғанда, киберспорт мәселелері 2-3 миллион жасқа өте қызықты тақырып. Әрине, қазіргі таңда киберспортпен кәсіби түрде айналысатын адамдардың саны едәуір аз. Өртүрлі салалық сарапшылардың есебінен 600-700 адамға жетіп қалуы мүмкін. Тағы да айта кету керек, аталған сандардың барлығы тек болжам.

– Киберспорт барлық облыста бар екенін білдік. Қай өңір белсенді?

– Киберспорттың дамуы экономикалық-әлеуметтік дамуы жоғары аймақтарға ғана тән. Өйткені онымен шұғылданду үшін күшті компьютер қажет, интернет желісінің жылдамдығы жоғары болу керек. Сондықтан бүгінгі таңда киберспорт тек Алматы, Нұр-Сұлтан және өзге ірі қалаларда ғана дамып жатыр. Федерация бұл жағдайды өзгертіп, барлық өңірлерге тең мүмкіндік береді деген үміттеміз. Болашақта ауыл жастарының дүниежүзілік ареналарға шығуын күтеміз.

– Әлемдік аренада ел намысын қорғап жүрген спортшыларға тоқталайышы. Біз кімдермен мақтанамыз?

– Әлемге танымал «Gambit Esports» тобының негізін Қазақстанның спортшылары құрап отыр. Атап айтсақ, Дәурен Қыстаубаев, Рүстем Теплов и Абай Хасенов. Осы жігіттердің әлемдік аренада мәртебесі биік. Бір ғана мысал Польшада өткен «PGL Major Kraków» халықаралық киберспорт жарысында жеңіпаз атанды. Сонымен қатар «Dota 2» киберспорт түрінде өнер көрсететін NEXT KZ тобы (қазір xGame.kz деген атаумен шығып жүр). Топ

қазақстандық спортшылардан құралған: Ернар Оразбаев, Нұрсұлтан Әскеров, Илья Дорман, Андрей Райлян. Бұл командада әлемде өздерін танытқан топтың бірі.

– Көпшілік үшін бұл аздап түсініксіз спорт саналады, яғни оны киберспортқа қызығатындар ғана түсінуі мүмкін. Мұндағы басты принцип қандай?

– Мысалы, американдық футбол, керлинг секілді спорт түрлері де біздің көрермендердің басым көпшілігіне бейтаныс, алайда дүниежүзінде олардың миллиондаған жанкүйері бар. Сол секілді киберспорт та, жасы қырықтан асқан кісілерге тек баланың ойыны ретінде көрінуі мүмкін. Алайда дүниежүзінде киберспорт жарыстарын 300 миллионнан астам адам тамашалайды. Оның негізгі қағидалары мынандай – спортшылардың бастапқы мүмкіндіктері тең, ешқандай кездейсоқтықтар өсер етпейді, жеңіске тек киберспортшының ойлау қабілеті және реакция беру жылдамдығы өсер етеді. Киберспорттың ең негізгі тірегі – бұл стратегиялық ой, топ ішіндегі жұмысты дұрыс ұйымдастыра білу. Өйткені көп жағдайда клавиатура мен компьютерлік тышқанды тез баса алатын қатысушылар емес, өздерінің стратегиясын дұрыс нықтай білген қатысушылар жеңіп шығады. Сондықтан жастайынан киберспортқа қызыққан баланың болашақта стратегиялық ойлау қабілеті өте жоғары болады. Бұл қабілет кейін олардың жұмысында, бизнеспен айналысқан кезде қажет болатыны сөзсіз.

– Бұл спорт түрін Қазақстанда дамыту үшін қандай шаралар қолға алынып жатыр?


– Киберспорт – айтарлықтай күрделі спорт түрі. Оны кейде классикалық спорт түрлерінен де күрделірек деуге болады. Сондықтан федерацияны қалыптастырмас бұрын біз әлемдік киберспорт нарығына, сондай-ақ жекелеген елдердің – АҚШ-тан бастап, Еуропаның дамыған елдерінің, Қытай мен Кореяның киберспорт нарығына талдау жүргіздік. Инфрақұрылымды нөлден бастап құру тәжірибесін, жарыс нормалары мен талаптарын қалыптастыру үдерісін зерделедік, кәсіптік киберспортшыларды тарттық. Небәрі үш жыл ішінде 15-тен артық кибердисциплина бойынша ішкі жарыстар желісін құрастырдық. Егер турнирлік инфрақұрылымды құрастыруға кіріскен 2020 жылдың тоғыз айы ішінде елімізде небәрі 38 жарыс өткізілсе, өткен жылы қазақстандықтар 268 турнирге онлайн қатысуға мүмкіндік алды. Платформамыздағы жаңа пайдаланушылардың саны жыл сайын ондаған мың адамға ұлғаюда. Мысалы, 2021 жылғы өсім 96,9 мың адамды құрады, ал жүлде қорының жалпы көлемі шамамен 126 млн теңгеге жетті.

– Бұл жай ғана ойын емес қой...

– Әрине, жай ойын емес.

Негізінде халықтың консервативтік бөлігінің пікірінше, киберспорт бұрынғысынша гейминг болып қалуда, ал киберспортшы спортшы емес, ойынқұмар деп есептеледі. Алайда шын мәнісінде жағдай мүлдем басқаша. Киберспорт федерациясы да осы бағытта жұмыстар жүргізуде және аталған спорт түрінің құндылықтарын дәріптеу қажет деп есептейді. Мысалы, өткен жылдың көктемінде Қазақстанда республикалық деңгейдегі 1xbet Qazaqstan Respublikasynun Kubogi киберспорттық турнирі өтті, жүлде қоры 1,5 млн теңгені құрады. Бұл тұрғыда жүлде маңызды емес, себебі ол үнемі ұлғая түседі (мысалы, жазғы кубоктың жүлде қоры 3,5 млн теңгені құрады). Маңыздысы – турнирдегі жеңісі үшін қазақстандық киберспортшылар ресми спорттық разрядтармен – спорт шеберлігінен үміткер және спорт шебері разрядтарымен алғаш рет марапатталды. Мұндай спорт разряды – сіздің ұлыңыздың немесе қызыңыздың жай ғана ойын ойнап жүрмегенінің, шынымен де ұлтымыздың мақтанышына айналатынының ресми дәлелі. Бүгінгі таңда киберспорт – өскелең ұрпақ үшін нағыз әлеуметтік жеделсаты.

Өңгімелескен Ерасыл ШӘРІБЕК



САМАЛ - ҮШ ДҮРКІН ЖЕҢІМПАЗ



Дзюдодан Қызылорда облысының шоқтығы биік. Мұны Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстан чемпионатынан айқын аңғардық. Әсіресе 52 келі салмақта Қызылорданың қос бұрмыдысы ақтық финалға іркілмей өтіп, бір-бірімен қарсылас атанғанда өзге өңірдің спортшылары тамсанды. Өңгіме дзюдошылар Самал Мәлікқызы мен Дина Мұханбет жайында.

Алғашқысы сол жарыста қарсыластарын шаң қаптырды. Әсіресе жартылай финалда Атырау облысының өкілі Дамилияны сан соқтырып кетті. 52 келі жеңіл салмақ болғандықтан шалт қимылдаған татамиде озады. Мұны Самал жақсы біледі. Нұр-Сұлтан қаласында Самалға 5 татами шеберлері қарсылас атанды. Бабы мен бағы қатар шапқан Самал барлығын жеңіп, Қазақстан чемпионатының үш дүркін жеңімпазы атанды.

Сол жарысқа бапкері Рамазан Мұстафаев шәкіртіне ерекше жігер сыйлапты. Өйткені жарыс жеңімпаздары 2 сәуірде Ташкентке Азия чемпионатына қатысуға мүмкіндік алады. Қызылорданың қаршадай қызы енді Азияны мойындатуға аттанбақ.

«ҚАЙСАР» ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫНДА БАҚ СЫНАЙДЫ



Биыл Бірінші лигада өнер көрсететін «Қайсар» футбол клубы жаңа маусымға соңғы дайындық жұмыстарын Қызылорда қаласында пысықтауда. Сұлтан Әбілдаевтың шәкірттері маусымды Қазақстан кубогынан бастайды.

6-сәуірде қасқырлар Көкшетаудың «Оқжетпес» командасын қабылдайды. Егер қызылордалық аяқдопшылар көкшелік қарсыластарын жеңетін болса, 12-сәуірде «Байқоңыр» мен «Жас Сұңқар» командасының қай жұбы жеңімпаз атанса, сол командамен шеберлік байқасатын болады. Сонымен қатар 17-сәуірде Қазақстан Бірінші лигасының маусымашар кездесуін Қызылордада «Оңтүстік академияға» қарсы өткізеді.

Айта кетейік, «Қайсар» маусымға дайындығының басым бөлігін Қызылордада өткізсе, Наурыз айында Түркияда пысықтады. Ол жақта 4 жолдастық кездесу өткізіп, тәжірибе жинақтады.

ҰСТАЗ АТЫНДАҒЫ ТУРНИР



№172 орта мектепте футболдан аймақ спортының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлағатты ұстаз Оразбек Ешеновты еске алуға арналған турнир ұйымдастырылды.

Топтық кезеңде ұпайдан шашу шығармаған №3 ІТ мектеп, Т.Есетов атындағы №264, Ж.Қызатов атындағы №23 және №11 мектеп лицей командалары жартылай финалға жолдама алды. Ақтық сынға сүрінбей өткен №3 ІТ мектеп пен №11 мектеп лицей мұғалімдері финалда шеберлік байқасты. Тасбөгет кентінің ұстаздары жарыстың биік сатысына көтерілді. Ал қола жүлде №23 Қызатов мектебіне бұйырды. Жарыс жеңімпазы мен жүлдегерлеріне қаржылай сыйақы табысталды.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

